**Халықаралық Валюта Қоры мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкісінің жылдық жиналысына қатысу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыздағы N 997

1996 жылдың 1-5 қазаны аралығында Вашингтонда өткізілетін Халықаралық Валюта Қоры мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің жылдық жиналысына қатысу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 28 қыркүйегі мен 6 қазаны аралығында Вашингтонға жүретін Қазақстан Республикасының Үкімет делегациясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүру құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген нормаларға сәйкес Үкімет делегациясы үшін валюта қаражатын бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорындағы офисті жалдауға 1800 (бір мың сегіз жүз) АҚШ долларын бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 12 тамыздағы
N 997 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкімет делегациясының
ҚҰРАМЫ

Жандосов О.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы, басшы

<*>

Ертілесова Ж.Д. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары

Мыңбаев С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары

<*>

<*>

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгертулер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.09.23. N 1160 қаулысымен.
P961160_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК